



## СИСТЕМНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КАЗНУ

В Алматы состоялся отчет ректора Казахского национального университета им. аль-Фараби академика Галыма Мутанова перед населением. На отчетной встрече во Дворце студентов им. У. Жолдасбекова собралось более полутора тысяч человек – студенты и их родители, выпускники, представители научно-педагогической общественности, средств массовой информации, органов местной власти и неправительственных организаций.

### Ректор КазНУ стал лауреатом исламской премии ISESCO

Международная премия Исламской организации по вопросам образования, науки и культуры (ISESCO) присуждается раз в два года ученым государств-



членов организации за особый научно-инновационный вклад в области биологии, химии, геологии, математики, физики и научных технологий. Премия включает в себя сертификат, золотую медаль и денежное вознаграждение.

В этом году престижной награды удостоен казахстанский ученый, ректор КазНУ им. аль-Фараби, академик Галым Мутанов за выдающийся вклад в области математического моделирования и управления технических и социально-экономических систем. Вручение премии свидетельствует о научной деятельности Г.Мутанова на высоком международном уровне.

ISESCO была учреждена в 1979 году Организацией «Исламская конференция» и объединяет более 50 государств мира. Деятельность этой международной организации направлена на всестороннюю поддержку и развитие науки, образования и культуры стран исламского мира.

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ QS РЕЙТИНГІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО-ЛАР АЛҒА ЖЫЛЖУДА

Халықаралық QS World University Rankings рейтингінде қазақстандық жоғары оқу орындары сеніммен алға жылжып келеді және алдағы уақытта осы бағытта әлеуеттерін арттыруға мол мүмкіндіктері бар. Осылайша «Қазақстан жоғары оқу орындарының халықаралық танымалдылығын арттыру» атты дөңгелек үстел жұмысы барысында QS халықаралық рейтинг агенттігінің Орталық Азия мен Шығыс Еуропа бойынша аймақтық директоры Зоя Зайцева пікірін білдірді.

Жоғары білім беру жүйесіндегі маңызды шаралардың біріне айналған жиын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен өтті. Аталмыш іс-шараға қазақстандық ЖОО басшылары мен ғылыми қоғам өкілдері ерекше қызығушылық танытты.

Продолжение на 2-стр.

Жалғасы 2-бетте



Ректор КазНУ подвел итоги работы за 2015-2016 учебный год, дал подробный анализ учебно-образовательной, научно-инновационной, финансово-хозяйственной и социально-воспитательной деятельности вуза, озвучил достижения, определил стратегические задачи и направления развития университета.

Как отметил Г. Мутанов, главным приоритетом в деятельности КазНУ является достижение поставленной Президентом РК Н.А. Назарбаевым важной задачи вхождения до 2020 года как минимум двух казахстанских университетов в рейтинг лучших вузов мира. В этой связи в КазНУ была осуществлена структурная модернизация, в основе которой лежит переход к процессному менеджменту, ориентированному на результат. Это

обеспечило успешное продвижение в мировом рейтинге вузов. За последние пять лет КазНУ им. аль-Фараби продвинулся в авторитетном международном рейтинге QS World University Rankings на 500 мест и первым среди вузов Центральной Азии и Казахстана в 2016 году вошел в ТОП-250 лучших университетов мира, заняв 236 место. Только два вуза из стран СНГ вошли в эту группу – МГУ им. М.В. Ломоносова и КазНУ им. аль-Фараби.

Университетом внедрено 230 образовательных программ, сопоставимых с программами ведущих зарубежных вузов, таких как Cambridge, Oxford, Harvard, Stanford, Yale.

За 2015 год учеными университета выполнялись порядка 500 научных проектов, общий объем финансирования которых составил более 4,4 млрд. тенге.

#### БҮГІНГІ САНДА:

КУРС НА НАУКУ



2-стр.

БІЛІМ АЛУШЫЛАР  
ҚҰРАМЫ ҚАЛЫПТАСТЫ



4-бет

СТАНЬ ДОНОРОМ –  
ПРОТЯНИ РУКУ ПОМОЩИ!



7-стр.



# КУРС НА НАУКУ

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ QS РЕЙТИНГІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО-ЛАР АЛҒА ЖЫЛЖУДА

Жалғасы. Басы 1-бетте

QS агенттігінің кездесуді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ұйымдастыруы кездейсоқтық емес. Соңғы бес жылда белді рейтингтегі университет көрсеткіштері қарқынды түрде алға жылжып, аз ғана уақыттың ішінде айтарлықтай жоғары көтерілді. Биыл ҚазҰУ 236-орыннан көрініп, әлемнің 250 үздік университеті қатарына енді. Айта кетерлігі, бұл топқа ТМД елдерінен екі ЖОО – Ломоносов атындағы ММУ мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғана кірді. Осылайша жетекші қазақстандық университет Орталық Азия мен ТМД елдеріндегі тендессіз көшбасшылығын тағы да дәлелдеді.

QS-тің аймақтық директоры Зоя Зайцева ҚазҰУ-дың рейтингтегі даму қарқыны мен үздік көрсеткіштері өзге оқу орындарына жақсы үлгі екенін және аталмыш тәжірибенің әлемдегі үздік университеттерде зерттеліп жатқандығын атап өтті. Бұл университеттің әлемдік білім мен ғылым нарығында бәсекелестікке қабілеттілігінің айқын дәлелі.

Бүгінде Қазақстанның 8 университеті әлемнің ең үздік 800 жоғары оқу орнының қатарында. Іс-шарада қазақстандық бірқатар ЖОО-ларға, соның ішінде, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-ға, М. Әуезов атындағы ОКМУ-ға, Қ. Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ-ға, Абай атындағы ҰПУ-ға тұңғыш рет QS WUR сертификаттарын тапсыру рәсімі өтті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

Соб. корп



### Ректор КазНУ им. аль-Фараби Галым Мутанов принял участие в Азиатском межпарламентском форуме по вопросам науки, технологий и инноваций.

от управления затратами к управлению результатами НИОКР. Тогда финансирование инноваций будет с участием бизнеса. Соответственно, в экономику сами будут поступать инновации", - предложил пересмотреть структуру финансирования научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ Галым Мутанов. «Государства Европейского Союза тратят на науку в среднем 1,97% от ВВП, страны ОЭСР – 2,4%, а в Казахстане лишь 0,3% от ВВП», - приводит в пример международный опыт ректор КазНУ.

"В Казахстане необходимо ввести специальное стимулирование на разработку НИОКР. Нужно ещё раз провести ревизию законодательства и создать платформу для инновационного рынка", - подчеркнул Галым Мутанов.

Ректор отметил важность превращения ведущих отечественных университетов

в реальные субъекты рыночной инновационной экономики, актуальность вопроса защиты интеллектуальной собственности и налогообложения.

Следует отметить, что КазНУ им. аль-Фараби является интеллектуальной корпорацией, где в соответствии с передовыми мировыми аналогами для конвертации результатов НИОКР в реальный сектор экономики на основе кластерного подхода выстроен эффективный технологический коридор «от генерирования идеи до ее коммерциализации».

По завершении форума эксперты примут итоговый документ - «Астанинскую декларацию по укреплению межпарламентского исламского сотрудничества в области науки, технологий и инноваций».

Парламентарии и эксперты из 25 стран и представители международных организаций в Астане обсудили вопросы укрепления взаимодействия для развития образовательного и научного потенциала стран-членов Организации Исламского сотрудничества (ОИС). Перед участниками ставилась задача привлечь внимание к развитию общества, основанного на знаниях, внедрению передовых технологий для экономик стран-членов ОИС.

"Как и в передовых странах, 60% нужно направить на конструкторские работы и лишь 20% на фундаментальные исследования. Также нужно перейти

Продолжение. Начало на 3 стр.

# СИСТЕМНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КАЗНУ

Показателем инновационности и новаторства ученых и преподавателей университета является получение ими в 2015 г. около 200 охранных документов, в том числе трех - международного уровня. В университете действуют 14 студенческих бизнес-инкубаторов, где реализуются 75 студенческих инновационных проектов. Одними из них являются научно-технологические наноспутники, запуск которых планируется на 2017 год. Они были сконструированы и собраны совместно с Токийским университетом.

Следует отметить, что цитируемость статей зарубежными учеными и суммарный индекс Хирша ученых и преподавателей КазНУ за последний год вырос в 1,5 раза.

Приоритетным направлением остается совершенствование и повышение эффективности финансово-экономического менеджмента. Так, введены в эксплуатацию новые здания: библиотека Аль-Фараби, общежитие



для магистрантов и докторантов - «Дом молодых ученых» и Центр обслуживания студентов «Керемет», плавательный бассейн имени Олимпийского чемпиона Д.Баландина.

КазНУ является бесспорным лидером в студенческом спорте. Так, 17 студентов КазНУ приняли участие на летних Олимпийских играх в Рио-де-Жанейро. Впервые в истории Казахстана студент

Дмитрий Баландин завоевал титул Олимпийского чемпиона в плавании, а Елдос Сметов и Эльмира Сыздыкова стали серебряным и бронзовым призерами Рио.

Активно развивается международное сотрудничество. КазНУ успешно сотрудничает с более 400 ведущими вузами и научными центрами из 46 стран мира. Университет является Глобальным хабом Программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию и Региональным хабом по устойчивому развитию ЮНЕСКО - UNITWIN.

В ходе встречи ректор ответил на вопросы участников, выслушал предложения и пожелания, дал поручения руководителям подразделений вуза. В завершении отчета Галым Мутанов поблагодарил многотысячный коллектив КазНУ за работу, выразил уверенность, что и впредь университет будет добиваться выполнения поставленных задач и высоких результатов.

Соб.корп

Галым Мутанов ғылым мен технология саласындағы исламдық ISESCO сыйлығының иегері атанды




Жалғасы. Басы 1,2-бетте



**Жазира Рахымжан,**  
Филология факультетінің  
3-курс студенті

## УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ИГІЛІГІ ҮШІН

23 қыркүйекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлының есеп беру кездесуі өтті. Кездесуге оқытушылармен бірге университет түлектері, қала тұрғындары және студенттер қатысты. Кездесу барысында ректор баяндама жасағаннан кейін оған түрлі сұрақтар қойылды, студенттер өз ұсыныстарын берді. Жаңадан бой көтерген Д. Баландин атындағы жүзу бассейні мен университеттің кіре берісінде бой көтерген студенттер мен түлектер қақпасы оқу жылының бастамасына леп бергендей. Мені қуантқан ақпарлардың бірі—болашақта жаңа жатаханалардың салынуы. Студенттер қауымы үшін бұл жақсы жаңалық. Ректор жоспарда "Керемет" студенттер қызмет көрсету орталығының алдында «Тайқазан» бұрқағы мен «Мәңгілік ел» стәлласының тұрғызылатындығын жариялады. Бұл сәулет композициялары қаламыздың көрікті орындарының бірі болатынына сенемін. Оған қоса 500 орынды медициналық орталық та салынады. Университетіміздің игілігі үшін жасалатын жаңа бастамалардың бәрін мен әрқашанда қолдауға дайынмын.



**Аскар АЗАМАТОВ,**  
студент 4 курса,  
механико-математического  
факультета

## ПОЛЕЗНАЯ ВСТРЕЧА

Это была очень интересная и полезная встреча. Мы получили знания, которые помогут нам в дальнейшей учёбе и жизни, заряд положительных эмоций. Я и мои одноклассники убедились, что ни в одном вузе Казахстана нет таких условий для обучения студентов, как у нас. Новости об успехах и достижениях университета обрадовали нас, мы получили много полезной информации и ответы на вопросы об учебной и воспитательной политике. Галым Мутанов руководитель с большим опытом, а результат его работы - успешные трудоустроенные выпускники. Хотелось бы, чтобы встречи с ректором проходили чаще.



**Ольга ЛОЖНИКОВА,**  
старший преподаватель  
кафедры печати и электронных СМИ

## ОТЧЕТ РЕКТОРА ВДОХНОВЛЯЕТ НА АКТИВНУЮ РАБОТУ

Любая самая мощная река складывается из множества ручейков. В основе самого величественного здания лежат небольшие кирпичики... Именно эти аналогии я провела, слушая отчет ректора Галыма Мутанова «О деятельности Казахского национального университета им. аль-Фараби за 2015-2016 годы», и еще раз осознала насколько актуальными и необходимыми были реформы, проводившиеся в нашем университете. Буквально каждый тезис Галыма Мутанова находил у меня непосредственный отклик.

Как преподавателя меня, конечно, прежде всего, интересует учебный процесс. Радует, что в университете реализуются программы полиязычного обучения - на многих специальностях бакалавриата, магистратуры и докторантуры занятия ведутся на английском языке. На факультете журналистики в эфир выходят студенческие радиопрограммы на трех языках, которые с энтузиазмом готовят студенты. Огромную пользу приносит целенаправленная работа по повышению квалификации профессорско-преподавательского состава на предприятиях-партнерах и на базе международных центров. Одна из ведущих мировых компаний - «Konica Minolta» открыла лабораторию на факультете журналистики и осуществляет профессиональное обучение студентов.

С каждым годом активизируется научная работа в университете. За 2015 год ученые выполнили около 500 научных проектов. Как отметил ректор, университет выделяет студентам 10% от суммы грантового финансирования, тем самым повышая мотивацию студентов заниматься наукой и помогая им заработать на этом. Так, в рамках научных проектов молодые ученые кафедры печати и электронных СМИ съездили в научную экспедицию «Қазақ елі» и привезли уникальные материалы.

За успешную научную, методическую и воспитательную работу преподаватели получают надбавки. Это значительно повышает их заработную плату и, как следствие, жизненный уровень. Именно рейтинговые показатели берутся за основу оплаты труда наших педагогов.

Высокие показатели в международных рейтингах свидетельствуют, что коллектив КазНУ выбрал правильный путь с курсом на повышение научно-инновационной составляющей деятельности университета. Будем стремиться к тому, чтобы эти показатели стали еще выше.



**Арзгүл АХМЕТЖАНҚЫЗЫ,**  
Бостандық ауданының тұрғыны

## БОЛАШАҚ ҮШІН ЖАСАЛЫП ОТЫРҒАН ШАРУА

Мен ҚазҰУ-дың мұндай үлкен жиналысына алғаш рет қатысып отырмын. Өзім Бостандық ауданының тұрғынымын. Көршімнің баласы осы университетте оқиды. Университет ректоры ел-жұрт алдында есеп беретінін естіп, көршілеріммен бірге арнайы келдім. Екі сағатқа жуық өткен жиында жоғары оқу орнының басшылығы тарапынан жасалған жұмыс туралы көптеген мағлұмат алдым. Университет мәртебесі биыл тағы да өсіп, халықаралық рейтингте 236-орынға көтеріліпті. Бұл дегеніңіз университеттің зор еңбегінің белгісі, тиімді әрі дұрыс басқарылып отырғанын көрсетеді. Жиын барысында студенттер, тұрғындар тарапынан көптеген сауалдар қойылды. Оның бәріне егжей-тегжейлі жауап берілді. Мәселен, осы университетте жуырда түлектер мен студенттердің қақпасы ашылыпты. Оған қоса Рио-де Жанейрода өткен жазғы олимпиада ойындарында осы университеттің 17 студенті қатысып, алтын, күміс, қола медальдерін ұтып алған. Менің пікірімше, бұл университеттің ғана емес, бүкіл еліміздің жетістігі.

Осындай білімді, патриот, бесаспап мамандарды тәрбиелеп жатқан университет ұстаздарына мың алғыс. Қазіргі университет бұрынғы кезбен салыстырғанда әлдеқайда көрікті, әсем болып, көздің жауын алады. Күнде кешкісін осы ҚазҰУ қалашығына келіп, серуендеймін. Жаңа корпусы, кітапхана, студенттерге арналған «Керемет» орталығы сияқты ғимараттары жақсы салынған. «Кереметте» бағасы төмен әлеуметтік дүкен бар. Соған арнайы келіп, керек-жарағымды сатып аламын. Бұл жерде үлкен стадион да бар. Мұғалімдерден рұқсат алып, кейде ішіне кіріп жаттығулар жасаймын. Осы студенттер қалашығы өте таза, жасыл желектер көп. Жиында, ректордың есебінде көптеген жетістіктер мен болашақта шешілетін жоспарлар туралы айтылды. Солардың бірі жуырда осы қалашықта ашылған бассейн, оған енді келіп тұрамыз. Мұның өзі біздің аудан тұрғындарына өте қолайлы. Осының бәрі университеттің қазіргі бастамалары мен қызметі дұрыс бағытпен келе жатқанын көрсетеді. Бәрі де студенттер үшін, бәрі болашақ үшін жасалып отырған шаруа. Мен өте риза болып қайттым.

**Шарипа НҰРЖАНОВА,**  
ата-ана



## ҮНЕМІ БИІКТЕРДЕН КӨРІНЕ БЕРІҢІЗДЕР!

Ата-ана ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры академик Ғалымқайыр Мұтанұлының есебін тындап, университетте атқарылып жатқан қыруар істің куәсі болдым. Университет ректоры өз есебін өте жоғары деңгейде жасады. Мені қуантарлық жағдайлар көп болды.

Білім, ғылым, тәрбие жұмыстары сапалы жүргізіледі екен. Оқу орнының ТМД елдерінің ішінде алдыңғы екі университеттің бірі болып отырғаны да сондықтан болар. 2009 жылдан бері университет әлемдік озық университеттер қатарына еніп, жылдан-жылға рейтингісі жоғарылап, ұдайы алға жылжып отырғаны зор қажыр-қайраттың, үлкен жұмыстың нәтижесі дер едім. Тек қана білім беру ғана емес, ғылым, спорт, өнер, тәрбие саласында да көп іс тындырылыпты. Әсіресе, жастармен жұмыс істеу жағында біраз тірлік тындырылған.

Университет басшылығы студенттерге үнемі қолдау көрсетіп, жастардың өз ойларын жүзеге асыруы үшін барлық мүмкіндіктерді жасап отырады. Олардың отанымыздың білімді, тәрбиелі азамат болып қалыптасуы үшін «100 кітап» бағдарламасы ұсынылып, «Жасыл ел», студенттік құрылыс отрядтары құрылып, инновациялық жобалармен жұмыс жасауға барлық мүмкіндік жасалғанын ұлыммен күнделікті әңгімелескенде естіп отырамын. Студенттердің саяси және мәдени ой-өрісін кеңейтуге жол ашу, жоғары адамгершілік қасиеттері мен эстетикалық талғамдарын қалыптастыруда, факультеттерде және студенттік топтарда оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіруде жоғары нәтижелерге қол жетуде. Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмыстары да жоғары деңгейде екенін аңғардым. Студенттердің бос уақыттарын тиімді ұйымдастырып, олардың жан-жақты дамуларына барлық мүмкіндіктер жасалған.

Келешек жастардың қолында ... Уақытты үнемдеу, күш-жігерінді басты мақсатқа ғана жұмсау, бос нәтиже бермейтін тірлікпен айналыспауды бүгінгі жастар бойына дарыту тиімді болмақ. XXI ғасыр жаңа технология заманы, жастарымыз қызығушылық танытып, инновациялық жобалар жасап, отандық техника саласына зор үлес қосып жатса, ол да университет ұжымының еңбегі.

Есепті тындау барысында университеттегі халықаралық байланыстар жақсы қалыптасқанын байқадым. Университеттің халықаралық еңбек нарығында бәсекелестікке талпынуы - заман талабы. Оқу орнының әлемдік университеттер қатарына енуі, халықаралық деңгейге сай жұмыс істей алатындығынан көрінсе керек. Қазақтың қара көз балаларының жыл сайын ел шекарасынан асып, шет елде білім алуына барлық мүмкіндіктер жасалған екен. Қазіргі таңдағы бәсекелестік қатты дамыған заманда, жоғары оқу орындары арасынан алдыңғы қатарға шығуы, университеттің ең алдымен сапаға көп көңіл бөлінуінде деп ойлаймын.

Сондықтан да сапалы білімнің арқасында нарық заманында өз біліміне сенімді жастар ғана қоғамнан өз орнын табады. Университеттің халықаралық еңбек нарығында бәсекелестікке талпынуы - заман талабы. Мен ұлымның осындай университетте оқып жатқанында ана ретінде қатты қуандым.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің іске асырып жатқан жұмыстары жеткілікті, бүгін сол еселі еңбек нәтижесінің куәсі болып отырмын. Жиында, сол жасалған еңбек қорытындысын көріп, университет басшылығына ризашылығымды білдіргім келеді. Осындай жетістіктерге жету тынымсыз еңбек пен қажырлықты қажет етсе керек. Еңбектеріңіздің жемісін көріп, үнемі биіктерден көріне беріңіздер! Әлемдік университеттер санатында рейтингілеріңіз өсіп, бұдан жоғары орындарды иелене берудеріңізге тілектеспін!



# БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҚҰРАМЫ ҚАЛЫПТАСТЫ

Ғылыми кеңестің кезекті отырысында 2016-2017 оқу жылындағы білім алушылар құрамы қалыптасуының аяқталуы және университеттегі оқу үдерісінің жағдайы, MBA бағдарламасының мазмұны мен іске қосылуы мәселелері талқыланды.

және жаратылыстану-математикалық бағытқа басымдық берген. Радиотехника, электроника және телекоммуникация, ақпараттық жүйелер, автоматтандыру және басқару, биотехнология, аударма ісі, халықаралық қатынастар, заң, қаржы, есеп және аудит, экономика және халықаралық құқық мамандықтарына сұраныс жоғары.

Халықаралық жоғары талаптарға сай заманауи білім беру бағдарламалары, білім берудің озық технологиялары, инфрақұрылымы дамыған бірегей студенттік кампус пен белсенді студенттік өмір жастарға сапалы білім алып, өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жол ашпақ.

Биылғы оқу жылы Қазақстан Республикасы бойынша бөлінген 9155 мемлекеттік білім грантының 3071-і ҚазҰУ студенттеріне бұйырды. Бұл былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 398 бірлікке көп. Осылайша ҚазҰУ дәстүрлі түрде мемлекеттік білім беру гранттарының саны бойынша бірінші орынға ие болды.

2016-2017 оқу жылында талапкерлер мамандық таңдауда гуманитарлық



Биылғы оқу жылындағы білім алушылар контингентінің қорытынды статистикасы бойынша университетке барлығы 5744, соның ішінде бакалавриатқа 3994, магистратураға 1575, докторантураға 175 білім алушы оқуға қабылданды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе MBA бағдарламасына арналды. MBA-магистр іскерлік әкімшілік дәрежесі (Master of Business Administration) жоғары оқу орнын бітірген, кәсіптік басқару саласында білімі бар мамандарға тағайындалады. MBA бағдарламасы бүгінгі жаһандану кезеңінде нарықтық экономиканың мамандарға қоятын барлық талаптарына сәйкес дайындалған. Қазақстан Республикасында нарықтық қор саласында жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі өте маңызды мәселелердің бірі, осыған орай бұл бағдарлама нарықтық қордың қыр-сырына қаныққан білімді

маман даярлауды көздейді. Сонымен қатар MBA бағдарламасының басты қызметі білім алушылардың бизнес пен менеджмент саласында жасалған жұмыс тәжірибелерінің негізінде олардың кәсіптік басқару дағдыларын қалыптастыру, жоғары деңгейдегі жаңа білімді үйлестіру болып табылады.

ҚазҰУ-да аталмыш бағдарламаны дайындау жұмыстары 2014 жылдан басталып, 2016 жылдың 31 шілдесінде MBA бағдарламаларын енгізуге лицензия алынды. ҚазҰУ 2016-2017 оқу жылына MBA бағдарламасы бойынша 3 адамды оқуға қабылдады. Алдағы уақытта аталмыш бағытты дамыту бойынша бірқатар жұмыс атқарылып, бағдарламаны халықаралық аккредитациядан өткізу жоспарланып отыр.

Дарига АМАНКЕЛДИЕВА



## МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТІРЕГІ

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті үшін 22 қыркүйек аса маңызды мерекелердің қатарына жатады. Мерекеге орай колледжде түрлі байқаулардан құралған тәрбиелік мәні зор қызықты іс-шаралар өткізілді.



Тіл бірлестігі оқытушыларының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай көркемсөз оқу байқауы, шығармалар сайысы, қойылым көрсету байқауы, тіл саясатына байланысты дөңгелек үстел, қабырға газеттері ілініп, 22 қыркүйек күні Қазақстан халықтарының «Бір ел. Бір халық» атты фестивалімен қорытындыланған болатын. Колледж директоры Райхан Нұржанова тіл мерекесіне қатысушыларды құттықтай келе, жүрекжарды тілектерін білдіріп, мерекеге атсалысқан, белсенділік танытқан студенттерге мақтау қағаздарын табыс етті.

Мерекеді студенттер түрлі ұлттар мәдениетін театрландырылған қойылымдар арқылы шеберлікпен көрсете білді. Колледж студенттерінің қатарында басқа да ұлт өкілдері оқуындан, олар үшін мерекенің осылайша

аталуының маңызы зор. Олар бір-бірімен етене араласып, бір шаңырақ астында орын тепті, өздерін жан-жақты қырынан көрсете білді. Студенттермен қатар оқытушылар да өз үлестерін қосып, мерекеге, тілге деген құрмет арта түсті. Тәуелсіздігіміздің мерейтойына орай тілдер мерекесіне арнап өткізіліп жатқан іс-шараларды жастардың еліміз дамуына қосқан үлесі деп айтуға әбден болады. Егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктететін, абыройын асыратын, өз бақытына қол жеткізу үшін білім мен білік жолын таңдаған қазіргі ұрпақ жұмыла еңбек етуі қажет.

Д. АХМЕТЖАНОВ,  
колледж директорының  
оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

## Үш тұғырлы тіл – ЗАМАН ТАЛАБЫ

“Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады”, – деген еді Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлы. Сөз басын тіліп түсер тіл жайлы нақыл сөзбен бастағаным артық болмас! Себебі 22 қыркүйек Қазақстан Республикасының тілдер мерекесі. Осы орайда Елбасының “Үш тұғырлы тіл” саясатын, тіл мейрамын бей-жай қалдырмаған қасиетті қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті түрлі іс-шаралар өткізуде. Дәстүрге сай жалпыуниверситеттік “Тілдер апталығына” 19-24 қыркүйек аралығындағы алтын уақыт арналды. Бабаларымыздай отыз күн – ойын, қырық күн – тойын жасамасақ та, заман ағымына сай саналы секундтарымызды ана тіліне тарту етіп отырмыз.

Ал біздің қаламымызды қозғауға түрткі болған филология және әлем тілдері факультетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының оқытушылары мен “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығы І курс студенттерінің сахналық қойылымы. Атаулы апталыққа қойылған іс шара “Үш тұғырлы тіл – заман талабы” деп аталды. Сахналық еңбегіміз Ерхан Карбозов ағайымыздың жүрек жібітер жылы лебізімен басталды.

Мерекелік қойылым нәтижелі өтті. Университет баспалдағын енді ғана басқан өрімдей жастар тілге деген махаббатын ісем әнмен, мың бұралған бимен, сана қозғар күймен жеткізе білді. Сонымен қатар іші қазандай қайнап жатқан тіліміздің тағдырына қатысты мағыналы қойылым

қойылып, Т.Көпбаевтың «Пират» атты балладасы оқылғанда залда ах ұрмаған кісі қалмады. Жалпы аталмыш кеш заман талабына сай үш тілділікке үндегенімен, қазақтың жанын сыздатқан мәселелерден аттап өтпеді. Бұл мәселелерге бей-жай қарамайтын отаншыл, ұлтжанды ұрпақтың өсіп келе жатқанын көрген ұстаздар қауымының төбесі көкке сәл-ақ жетпеді. Шара соңы «Өзге тілдің бірін біл, өз тіліңді құрметте», – деген үкілі үмітпен аяқталды. Қазақ баласы барында қазақ тілі тамырын тереңдете бермек!

Ж. ӘМІРБЕКОВА,  
Е. СОЛТАНАЕВА,

Филология және әлем тілдері факультеті



# «АЙҚАПТЫҢ» ЖАҢА САНЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығаратын «Айқап» журналының екінші, 100-інші саны жарық көрді. Оқырман қауым басылым бетінен белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуезовтің сұхбатын оқи алады.

Сұхбатта Мұрат Мұхтарұлы балалық шағының жарқын естеліктерімен бөліскен. Анасы Фатима тәркілеу кезінде «Айқаптың» бірнеше данасын сандығында жасырып қалған екен. Осыдан-ақ оның бұл басылымды қаншалықты қадірлегенін аңғаруға болатындай. Мұрат Әуезов осыдан бір ғасыр бұрын Мұхамеджан Сералин ашқан журналдың тарихи жалғасы – бүгінгі «Айқаптың» қадамына сәттілік тілеген. Оның пікірінше, басылымның тісі батпайтын тақырып болмауы тиіс. Егер «Айқап» айта алмайтын мәселе бар болса, қолға қалам алудың қажеті жоқ деп есептейді.

Бас редактор бағанында оқырман назарына Ғалымқайыр Мұтановтың

«Сөзге қызмет ету» атты эссесі ұсынылған. Туынды ХХ ғасырдағы түркі лексикасының зерттелуі мен осы бағыттағы ізденістердің ізашары Олжас Сүлейменов туралы. Белгілі сәулетші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шота-Аман Уәлиханов, Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Татьяна Кривошапова, тарихшы Ирина Ерофеева, өлкетанушылар Қайролла Мұқанов пен Сәуле Маликова, сондай-ақ М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің докторанты Нұрлан Асқаров көшпенділердің дүние жүзінің зияткерлік тарихындағы орны жайлы құнды пікірлерімен бөліскен. Сонымен қатар журналдың жаңа нөмірінде профессор Болатбек Нәсенев, ҚР Президенті архивінің директоры Борис Джаппаров пен белгілі алаштанушы Тұрсын Жұртбай ХІХ және ХХ ғасыр аралығындағы жер мәселесіне, 1916 жылғы қырғынға және 1930 жылдардағы ашаршылыққа қатысты мұрағаттық деректерді жариялаған. Журналға Татарстан, Тува, Жапония, Якутия ғалымдары жіберген түркілердің

мәдени мұрасы жайлы материалдар да құнды. ТҮРКСОЙ-дың бас хатшысы Дүйсен Қасейінов «Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасы жайлы ақпараттармен бөліскен. Әлімхан Ермеков пен Жұмабек Тәшеновтың саяси портреттері (М.Хамзин), ұлттық кинопрокатқа шолу (Г.Әбікеева), Н.Сацтың Күләш Байсейітова туралы ойтолғауы және өзге де мақалалар басылымның мазмұнын байыта түскен.

«Айқаптан» бастап Мұстафа Шоқай ашқан «Жаңа Түркістанға» дейінгі басылымдардың редакциялары республика шекарасынан жырақта болғаны мәлім. Тәуелсіз Қазақстанда қанатын қайта сермеген «Айқаптың» тұғыры мықты, тіреуі бекем. Халықаралық авторлар ұжымының еңбегімен жарық көрген журналдың жаңа саны сөзіміздің айқын дәлелі. Ғасырдан да ұзақ жасаған, жаналыққа құштар оқырмандары бар басылымның қадамы қарыштап ілгерілейді деп сенеміз.

Гүлнар МҰҚАНОВА,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

## Казахстан – центр Евразийского материка



На кафедре Дальнего Востока состоялась открытая специальная лекция Генерального консула Республики Корея в городе Алматы Джон Сынг Мина на тему «Республика Казахстан – центр Евразийского материка».

Проведение посольского часа на факультете стала доброй традицией, которая содействует популяризации корейского языка и культуры, укреплению дружеских отношений и дальнейшему сотрудничеству. На встрече консул рассказал студентам о сходствах и различиях в культуре, истории и традициях Казахстана и Кореи.

Наталья ЕМ,  
зав.кафедрой Дальнего Востока

# ПОСТИГАЯ ТАЙНЫ

## астрофизики и космических лучей

В рамках консорциума «Евразийский высокогорный научный центр космических лучей» в КазНУ проходит третья Международная школа молодых ученых «Смежные проблемы физики и астрофизики частиц сверхвысоких энергий».



Школа проходит при финансовой поддержке Межгосударственного фонда гуманитарного сотрудничества государств-участников Содружества Независимых Государств (МФГС) и продлится до 1 октября 2016 года.

У молодых ученых есть уникальная возможность послушать лекции ведущих мировых ученых, участвовать в специальных семинарах и мастер-классах. Мероприятия, организованные в рамках международной школы способствуют формированию высококвалифицированного кадрового потенциала страны, необходимого для построения инновационной экономики Казахстана и интеграции в мировое научно-образовательное сообщество.

Консорциум «Евразийский высокогорный научный центр космических лучей» был создан по результатам прошедшего в Усть-Каменогорске в 2010 году VII Форума Межрегионального сотрудничества Республики Казахстан и Российской Федерации. Согласно договору и межинститутской Программы совместных исследований, подписанного главами двух государств, КазНУ им. аль-Фараби стал единственным вузом Казахстана членом Консорциума, что дает университету возможность участвовать в международных научных и образовательных проектах. Партнерами КазНУ являются физический институт им. П.Н. Лебедева Российской академии наук (ФИАН) и Объединенный институт ядерных исследований (ОИЯИ) в г. Дубна. Задачи консорциума ориентированы на решение фундаментальных проблем ядерной физики, астрофизики и физики

космического излучения, например, тематик, связанных с природой и составом космических лучей, особенностей взаимодействия частиц при сверхвысоких энергиях, поиском экзотических частиц темной материи Вселенной. Достойную лепту в выполнение научных исследований и экспериментов вносят ученые КазНУ. Результаты, полученные с научных установок, расположенных в национальном университете, входят в мировую сеть данных по космическим лучам.

Прикладная значимость научных исследований, в которых активное участие принимают ученые КазНУ, позволяет оценивать и предсказывать природные риски, связанные с воздействием космического излучения на биосферу Земли, космическую погоду, связанную с солнечной активностью, облако- и грозообразование, на сейсмоактивность,

глобальные климатические и, более того, на социальные процессы.

Возможность исследования этих фундаментальных проблем современной науки, молодые ученые КазНУ реализуют на уникальной комплексной установке, расположенной на Тянь-Шанской Высокогорной Научной Станции (ТШВНС), которая находится на высоте 3340 м. над уровнем моря.

Благодаря техническому и финансовому содействию, оказанному Евразийским банком развития, в течение пяти лет более 50 студентов физических специальностей КазНУ проходят производственную практику на установках ТШВНС. По своей информативности, высокогорному расположению, набору регистрирующих приборов и, созданной инфраструктуре, высокогорный научный комплекс является уникальным в мировом масштабе.

Кафедра теоретической и ядерной физики

## РЕЛИГИЯ И МОЛОДЕЖЬ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

На факультете философии и политологии совместно с Прокуратурой г. Алматы состоялась круглый стол «Религия и молодежь в современном Казахстане», направленный на профилактику религиозного экстремизма и терроризма.

Представители Прокуратуры отмечали о важности борьбы с информационным экстремизмом в социальных сетях и необходимости быть нетерпимым к проявлениям экстремизма и терроризма.

В рамках круглого стола экспертами и студентами были представлены презентации докладов по недопущению распространения идей экстремизма и терроризма среди молодежи, в особенности, представляющей группу риска, результаты социологических исследований и видеоролики по рассматриваемой тематике.

Среди студентов 3 и 4 курсов состоялся конкурс с присуждением призовых мест, вручением ценных призов и грамот от Прокуратуры г. Алматы.

Мероприятие было организовано в рамках реализации Плана мероприятий по реализации Государственной программы по противодействию религиозному экстремизму и терроризму на 2013-2017 годы. На круглом столе приняли участие представители Управления по делам религий акимата г. Алматы, имамы мечетей, преподаватели и молодые ученые кафедры религиоведения и культурологии.

Ә. НҰРЛАН,  
магистрант 2 курса  
специальности «Религиоведение»



# СТАНЬ ДОНОРОМ - ПРОТЯНИ РУКУ ПОМОЩИ!

В КазНУ им. аль-Фараби в рамках недели глобального донорства прошла акция по добровольной сдаче крови «Протяни руку помощи».



День донора состоялся в Диагностическом центре КазНУ Smart Health UniverSity совместно с Центром крови Управления здравоохранения г. Алматы и компании LG Electronics Almaty Kazakhstan (LGEAK).

Добровольно и безвозмездно сдав кровь, студенты КазНУ проявили свою активную гражданскую позицию и стали частью одной большой группы людей, которые посвятили свой день благому делу, спасли жизни нуждающимся и больным. В ходе короткой и безопасной процедуры из вены у доноров сделали забор по 450 мл.

цельной крови. В КазНУ проведение Дня донора – это утвердившаяся традиция и акт благотворительности.

«Добровольная акция несет огромное значение, поскольку людей, нуждающихся в крови, очень много. Донорский пункт, разместившийся в центре Smart Health UniverSity, создал максимально комфортные условия для участников и организовал процедуру сдачи крови безопасной для здоровья, наш Центр отвечает международным стандартам», - отметил директор Диагностического центра КазНУ им. аль-Фараби Эрнест Калиев.

Среди студентов КазНУ оказались уже опытные доноры, сдающие кровь регулярно, многие присоединились к донорскому движению впервые. Каждому, кто сдал кровь, для восстановления сил команда компании LG Electronics предлагала сладкий чай с орешками и шоколадом.

Ежегодно команда LGEAK организует День донора «Протяни руку помощи» как одну из глобальных корпоративных волонтерских инициатив компании с целью привлечения внимания общественности к проблеме дефицита донорской крови. За три года проведения программы было привлечено более 2 миллионов людей.

В мероприятии также участие приняли известные медиа персоны, блогеры,

спортсмены, звезды казахстанской эстрады, которые своим примером призвали казахстанцев проявить внимание и заботу к соотечественникам, нуждающимся в донорской крови.

«Я рад, что студенты национального университета №1 в Казахстане не остаются в стороне от донорского движения. С активным участием молодых, крепких, здоровых, интеллектуальных парней и девушек традиция сдачи крови постепенно развивается в нашем обществе», - поблагодарил студентов КазНУ директор Городского центра крови Жандос Надиров.

Благодарим всех, кто участвовал в этом благородном деле! Возможно, именно Вы кому-то подарили жизнь!

**Айкерим КАМАЛДИНОВА**



## ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТТАРЫН ҰЛЫҚТАҒАН ЕЛБАСЫ

**Тәуелсіздік – тәңіріміз бұйыртқан үлкен сый, басымызға қонған зор бақыт. Әрбір ұрпақ бұл бақыттың оңай жолмен келмегенін жақсы біледі, жүректерімен сезеді, іштей ұғынады. Елбасымыздың «Ұлы дала ұлағаттары» атты еңбегін оқи отырып, егемен елдің ұрпағы ретінде болашаққа айқын мақсаттар қоюдамыз.**

Осынау ширек ғасырда еліміз қаншама тар жол, тайпақ кешуден, қилы кезендер мен бейтаныс бөгеттерден өтті. Бірақ алға қойған мақсаттарымыздың айқындығы, жарқын болашаққа деген нық сенім елімізді әрдайым алға жетеледі. Тәуелсіз ел болуды қанша жыл бойы аңсадық, армандадық. Ата-бабаларымыз шыбын жанын шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша елі мен жерін жау қолына бермей, келешек ұрпақ үшін аянбай күресті. Жеңіс күші әрдайым бірлікте екенін дәлелдеді. Қашанда халық бірлігі камал тұрғызып, сарай салғызады. Бабаларымыз осындай бірлік пен татулық арқасында елін, жерін қорғады. Ерен ерлері барда еліміз ешқашан жау қолында қалмақ емес. Бабаларымыздың ұлағатты сөздерін, аманаттарын өзімізге талмай ту етіп келеміз. Сол аманат арқылы жоқтан бар жасадық, ынтымақ пен бірлікті ырысты өсу мен өркендеудің негізгі қазығы етіп алдық.

Жаңа заман біздің өрісімізді кеңейтті, жолымызды ашты. Болашаққа деген серпінді күш – сенімімізді жоғалтпадық. Әлем елдері алдында абыройымыз асқақтап, енсеміз көтерілді. Төрткіл дүниенің төрт құбыласынан дос пен сапарлас серіктес, мүддесі ортақ көршілер таптық. Бүгінде «Менің елім – Қазақстан» деп үлкен мақтанышпен айтудамыз. Алдағы уақытта да ұлт мүддесі үшін отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерді ту етіп, бір мақсат, бір мүдде арқылы біз ортақ жеңіске қол жеткізетін боламыз. Міне, Елбасымыздың «Ұлы дала ұлағаттары» атты еңбегін оқи отырып, мен осындай ой түйдім. Болашаққа деген сенімім артты, көзқарасым өзгерді. Еліміздің жарқын болашағының кепілі білімді де саналы ұрпақ екеніне тағы да бір көз жеткіздім.

**Айман БАТЫР,**

*экономика және бизнес жоғары мектебінің 4-курс студенті*

## Психологтар бас қосты

**Халықаралық қатынастарды нығайту мақсатында жалпы және қолданбалы психология кафедрасы Болгарияның жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, Қазақстандағы Отбасы күніне орай «Қазіргі замандағы клиникалық психология: мәселелері және болашағы» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізді.**

Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты – Қазақстан мен Болгарияның жоғары оқу орындарының оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерінің танымдық зерттеулерін нығайту, Қазақстандағы клиникалық психологияны дамыту мақсатында клиникалық психология және психотерапия саласы аясындағы практик психологтарды даярлау деңгейін көтеру. Сонымен қатар, ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінде Болгария елімен бірлесе отырып, болашақта косдипломдық магистрлік бағдарлама ашу көзделіп отыр.

Дөңгелек үстелге өзге де университеттердің, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің, Қазақстан мен Болгарияның ғылыми-практикалық орталықтарының өкілдері, психолог мамандар, әлеуметтік қызметкерлер, философия және саясаттану факультетінің мұғалімдері мен студенттері қатысты.

Оқу ордамыздың бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев Болгариядан келген

әріптестерге алғыс айтып, қатысушыларға жемісті жұмыс, мақсаттарына сәттілік тіледі.

Философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор Алия Масалимова ғылыми іс-шараның қатысушыларын Қазақстандағы Отбасы күнімен құттықтап, әрбір адамның, жалпы ұлттың психикалық денсаулығын сақтаудағы Отбасының маңызды ролін атап өтті. Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздегі клиникалық психологтарды дайындаудағы ең басты жоғары оқу орны болатынына сенім білдірді.

Достық қарым-қатынас жағдайында өткен дөңгелек үстелді жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, психология ғылымдарының докторы, профессор З.Б. Мадалиева қорытындылады.

**М. КАБАКОВА,**  
*профессор*



**Саякбаева Гүлжайна**

*Саякбаева Гүлжайна Ардагерқызы 1994 жылдың 17 қарашасында Алматы облысы Жамбыл ауданы Бұрған ауылында дүниеге келген. Мектеп кезінен қоғамдық іс-шараларға қатысып, өзінің белсенділігін көрсете білген. 2012 жылы Сүйінбай атындағы орта мектепті үздік бітіріп, бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің 4-курсында білім алуда.*



**АУЫЛЫМ МЕНІҢ — АУЫЛЫМ!**

Таулары көкпен таласқан,  
Көк майса әсем ауылым.  
Өзіңнен сірә бар ма асқан?  
Жайқалған әсем ауылым.

Суретін салып қойғандай,  
Бір ғажап бақтай ауылым.  
Ағашы қалың ормандай,  
Көркіңе таңмын ауылым.

Зәулім де, әсем қалаға,  
Қимасем сені ауылым.  
Кең байтақ аңыз далаңа,  
Қызығам еркем-ауылым.

Ауылым менің аялы,  
Құстары әсем ән айтқан.  
Бағында көркем саялы,  
Ауылым менің - ауылым!

**АПАМА**

Көңілің көне өмірің неге өзгерген,  
Қарайды оймен өзіңе мына көз көрген.  
Қартайып қапсың, самайға түсіп ақ қырау,  
Кәрілік неге, неліктен саған тез келген?

Самайды қардай басыпты міне ақ қырау,  
Кәрілік шіркін не деген тезде тапқырау.  
Еңсең де түсіп қалыпты мүлде еңкейіп,  
Көкірек қайда көрсетер сені кең пейіл.  
Ақ шаштар түссе болды деп енді ойлама,

Қартайтып кейде жібереді сол бір ой ғана.  
Қарайсың артқа қалыпты небір әсем шақ,  
Әркімге жазбас кәрілік деген бұл бір бақ.

**ӘКЕ ЖАНЫМ**

Әке жаным жалғыз сенсің қорғаным,  
Маған қымбат сен жанымда болғаның.  
Мақтанышым сенсің менің өмірде,  
Қорғанышым сенсің менің ардағым.

Ойлы сенің көздеріңе үңілем,  
Сен қуансаң өмір сүрем, тірілем.  
Сен қасымда мәңгі жүрсең әке жан,  
Тек өзіңе еңбегімді сіңірем.

Мәңгі сені сыйлауменен өтемін,  
Сен бірге жүр, мен арманға жетемін.  
Айырмаса бәрімізді тәңірім,  
Мен Аллаға риза болып өтемін!

**ЕР СҮЙІНБАЙ  
(200 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАУ)**

Өзен-көлім, тау-тастарым киелім,  
Мен өзінді шын жүректен сүйемін.  
Жусаның мен ісі аңқыған гүлдерің,  
Туған өлкем, мен басымды иемін.

Баба үні көкейімде тұрады,  
Сізден алған жыр әнімнің бұлағын.  
Сыйнумен әруағына бабамның,  
Мен жағамын жырларымның шырағын.  
Күмбірлеген талай жырдың иесі,  
Сүйінбай атам туған жердің киесі.

Ақындар мен батырлардың мекені,  
Бұл кең өлке—бабалардың үлесі.

Ақындықпен аты шыққан ер бабам,  
Өлеңіңе ғашық жан ол-мен балаң.  
Айтыста да, ешкімге дес бермеген,  
Жырларымен кең өлкені қорғаған.

**ЖАҚСЫ ТҮС**

Келе жаттым айлы түнде көшеде,  
Тау жақтан ба, самал жел ме есе ме?  
Түн болса да, көше толған адамдар.  
Мен келемін асықпастан қадамдап.

Түнгі қала. Шырақ шамдар жағылды.  
Машиналар арлы-бері ағылды.  
Бұзылды да кетті түнгі тыныштық,  
Шақырады таныс дауыс тым ыстық.

Жай бұрылып карағанда көргенім,  
Мен алдында өз көзіме сенбедім.  
Сен тұр едің көшенің ар жағында,  
Мен келемін ойлап қоям сағым ба?  
Қарап тұрсын сен бірақ үндемедім,  
Жол шетіне шығайық жүр демедім.  
Кешір дедім, іздедім таба алмадым,  
Сүйкімді жаным күліп карағанын.

Құшақтасып ұзақ тұрдық біз бірақ,  
Көрінбей сен бара жаттың бұлдырап.  
Қолыңды сен созып жаттың өзіме,  
Сағым болып көріндің сен көзіме.

Көргім келді, мен өзінді құшқым келді,  
Махаббаттан бұл әлде ұшқын бе еді?!  
Үлгермедім, оянып кеттім бірақ,  
Өкіндім мен, бұл жақсы түсім еді.



**В рамках празднования 25-летия Независимости Республики Казахстан кафедра редакторско-издательского и дизайнерского искусства факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби провела круглый стол «Год Книги – 2017». Мероприятие было посвящено состоянию и перспективам подготовки квалифицированных кадров для сферы книгоиздательства.**

**«ГОД КНИГИ – 2017»**



прогрессивной молодежи к обсуждаемой проблеме.

С этой целью в рамках социально

значимых проектов по устойчивому развитию программы ООН «Academic Impact» кафедра редакторско-издательского

и дизайнерского искусства выступила с инициативой объявить в Казахстане 2017 год «Годом Книги». Международный проект нацелен на выработку нового формата культуры чтения и воспитания патриотически настроенной молодежи, а также создание коммуникативной площадки в сферах книгоиздательства, книжного дизайна.

В работе круглого стола участие приняли представители крупнейших издательств города Алматы, академического сообщества, преподаватели и студенты университета, а также СМИ.

Руководство и сотрудники Корпорации «Атамұра», издательского дома КазНУ «Қазақ университеті» поделились опытом работы и своим видением современной ситуации в сфере книгоиздательства. Эксперты обсудили вопросы расширения сфер сотрудничества с работодателями, организации непрерывной практики для студентов.

**Кафедра редакторско-издательского и дизайнерского искусства**



# БАУЫРСАҚ PARTY 2016



ҚазҰУ-дың «Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастырумен 22 қыркүйек тілдер күні мерекесіне арналған «Бауырсақ Party» атты науқан өтті.

Мерекелік іс-шарада ана тіліміздің мәртебесі мен ұлттық дәстүрімізді ұлықтау мақсатында студенттер мен ұстаздар қауымына бауырсақтар таратылды. Бауырсақтан дәм тату үшін алдымен бір мақал-мәтел немесе кара өлең айту керектігі науқанға ерекше мән

үстеді. Іс-шара университет кампусының барлық аймақтарын қамтыды. «Мәңгілік ел» студенттер мен түлектердің салтанатты қақпасының, ректорат ғимаратының және барлық факультеттердің оқу корпустарының

алдында бауырсақтар таратылды. Сонымен қатар университеттің өнерлі жастары шағын мерекелік концерттер туралы да ұмытқан жоқ. Шанағына күй тұнған домбыра ұлттық өнерімізбен сусындатып, сұлу саздың сиқырын сездірді.

Аталмыш науқан «Сұңқар» студенттік кәсіподағының тілдер

мерекесіне орай жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастыратын ауқымды шараларының бірі. Сол арқылы студенттер тіл мерекесіне салғырт қарамайтындығын және студенттердің, оқытушы-профессорлық құрамның ана тілімізге деген құрметін арттыруға өз үлестерін қосты деп білеміз.

Шұғыла БҮРЛІБАЕВА

**ПРИВЕТ, ПОЛНЫЙ ЭНЕРГИИ И ЭНТУЗИАЗМА, СТУДЕНТ КАЗНУ!**  
 Специально для тебя и студтусовки созданы официальные паблики и странички универа в соцсетях. Благодаря им, можно в любое время дня и ночи быть в курсе последних новостей!  
 А если ты мега активный юзер и тебе нравится самому создавать посты, то «welcome!» в ряды наших блогеров! Предлагай свои посты, темы и прибавляй очки своей карме!  
 Друиды, феи, эльфы и весь магический состав универа желают тебе во всем преуспевать и развивать творческое начало молодого ученого, а наши паблики в этом тебе помогут!

**Go! Подписываться, лайкать и репостить:**  
[vk.com/kazuniversity](https://vk.com/kazuniversity)  
[facebook.com/KazakhNationalUniversity](https://facebook.com/KazakhNationalUniversity); [twitter.com/KazNU\\_official](https://twitter.com/KazNU_official)  
[my.mail.ru/cgi-bin/login?noredir=1](https://my.mail.ru/cgi-bin/login?noredir=1); [instagram.com/KAZNU\\_FARABI/](https://instagram.com/KAZNU_FARABI/)  
[youtube.com/channel/AI-farabiTV](https://youtube.com/channel/AI-farabiTV)

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

ҚАРАША АЙЫНЫҢ 15-НЕ ДЕЙІН  
 ТМҚК (ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ  
 КӨМЕК КӨРСЕТУ КЕПІЛДІГІ)  
 АЯСЫНДА ӘЛ-ФАРАБИ  
 АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДЫҢ  
 МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНА  
 ЕРКІН ТІРКЕЛЕ АЛАСЫЗДАР.

Ол үшін жеке куәлігіңіздің көшірмесі мен өтінішті толтырып, «Керемет» СҚКО-дағы медициналық орталыққа өткізіңіз немесе Ernest.Kaliev@kaznu.kz электронды поштасына жолдаңыз.

Тіркелу туралы өтінішіңіздің қорытындысын 1444, 221 14 44 нөмірлері арқылы білуге болады.

**Электронды пошта:**  
**Ernest.Kaliev@kaznu.kz**

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
 Қазақ ұлттық  
 университетінің  
 ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
 Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
 Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Елдана ТОҚБАЙ**  
 Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
 Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
 Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
 ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.  
 Байланыс телефоны:  
 377-33-30, ішкі: 11-94,  
 тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
 беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды  
 Тел: 2-93-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана  
 Тапсырыс: №625

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.